

ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ



ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МҰРАСЫ

Библиографиялық көрсеткіш

НАСЛЕДИЕ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА

Библиографический указатель

ҚОСТАНАЙ

2016

ӘОЖ 01:37.0
КБЖ 91.9:74
Ы 15

Пікір жазғандар:

У.Қ.Қалижанов – филология ғылымдарының докторы, профессор.
Қ.Б.Жарықбаев – педагогика және психология ғылымдарының докторы, профессор.
Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері.
Б.М.Өтегенова – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.

Ы 15 Ыбырай Алтынсарин мұрасы: библиографиялық көрсеткіш/ құрастырушылар: Т.Ә.Ахметов, С.О.Оспанов. –Қостанай: ҚМПИ, 2016. – 237 б.

ISBN 978-601-7839-13-0

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 175 жыл толуына орай дайындалған бұл көрсеткіш ұлы ұстаз мұрасы жөнінде 1879 – 2015 жылдар аралығында жарық көрген деректер көзін қамтиды.

Библиографиялық көрсеткіш негізінен қазақ, орыс тілдеріндегі деректерді қамтуы үшін, екі бөлімге жіктеліп берілді. Оқырмандар іздеген дерегін белгілі бір тақырып желісінде тез тауып алуына қолайлы болуы үшін әр бөлім негізінен 28 тақырып аясына шыққан жылдарына орай топтастырылды.

Бұл көрсеткіш әдебиеттанушыларға, ғалымдарға, Ыбырай мұраларын зерттеушілер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге, мұғалімдерге, кітапхана қызметкерлеріне, жалпы оқырман жұртшылыққа арналған.

ӘОЖ 01:37.0
КБЖ 01:91.9:74

Баспаға Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты Ғылыми кеңесінің шешімімен (24.11. 2015 ж. хаттама № 3) баспаға ұсынылды.

ISBN 978-601-7839-13-0

© Т.Ә.Ахметов, 2016
© С.О.Оспанов, 2016
© ҚМПИ, 2016

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

«Сол заманнан бері қарай, біздің кейінгі ұрпағымыздың бәріне де Абай қандай қадірлі болса, Ыбырай да өз орны, өз арналы мұрасымен аса ыстық, аса бағалы болды», – деп М. Әуезов айтқандай, Абай ұлы ақын болса, Ыбырай ұлы ұстаз. Қазақ даласына бұрын – соңды болмаған жаңа үлгідегі мектеп ашушы, ұйымдастырушы. Қазақ тарихында педагогикалық ой – пікірдің негізін тұңғыш қалаушы. Ұлы ұстаздың өнегелі жолын, мұраларын оқып – білу кейінгі ұрпаққа, әсіресе, болашақ ұстаздарға парыз.

Алайда Ыбырайтану әлі де толық дәрежеде қолға алынбай, кенжелеп келеді. Оған дәлел – Абайтану 1940 жылы «Абай» жинағына қосымша ретінде берілген сын – библиографиялық көрсеткіштен бастау алып, 1946 жылы Абайдың 100 жылдық мерейтойына орай Н. Сәбитовтің «Абай» библиографиялық көрсеткішімен толықса, 1965 жылы «Абай Құнанбаев» – Библиографиялық көрсеткіші (көлемі 20 баспатабақ), 1988 жылы М. Мырзахметовтің «Абайтану» – библиографиялық көрсеткіші (көлемі 12, 60 баспа табақ), ақын мұрасы жөнінде жазылып, 1889–1985 жылдар аралығында жарық көрген деректер көзін тақырыптық жүйеде тұтас қамтитын «Абайтану» Библиографиялық көрсеткіші (көлемі – 12, 60 баспатабақ) шықты.

Ыбырай мұраларының библиографиялық көрсеткішін тұңғыш рет Қазақ ССР-і А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасы 1979 жылы ғана баспадан шығарды (көлемі 9, 01 баспатабақ).

Осындайда филология ғылымдарының докторы, профессор, ыбырайтанушы Б. Әбілқасымовтың: «Заман өткен сайын, ғылым өскен сайын ұлы ағартушылармен байланысты жаңа деректер табылып, олардың еңбектері жаңа бір қырынан таныла берері хақ. Осы тұрғыда бізге Абайтану ғылымы бүгіндері қандай етек алып дамып отырса, Шоқантану, Ыбырайтану да сондай дәрежеге көтерілуі керек сияқты болып көрінеді» деген сөзі ойға оралады [Ыбырай Алтынсарин тағылымы: Әдеби – сын мақалалар мен зерттеулер /Құраст. М.Жармұхамедов. – Алматы: Жазушы, 1991.–310–311 б.б.].

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты жанынан Ыбырай Алтынсарин мұраларын зерттеу Орталығы ашылып, жұмыс істей бастағанына бір жылдай болып қалыпты. Қолдарыңыздағы «Ыбырайтану» (Библиографиялық көрсеткіш) сол Орталық қызметкерлері еңбегінің алғашқы жемісі.

Бұл кітапқа 1879 – 2015 жылдар аралығында ұлы ағартушы мұралары жайында жазылған әр қилы тақырыптағы мақала, зерттеулер толық дерлік қамтылып, оқырмандар мен ізденушілердің іздеп табуына оңай болу үшін тақырыптарға бөлініп беріліп отыр.

М.Дулатовтың «Кім сендерді, балалар, сүйетұғын» деп басталатын «Шешенің балаларын сүюі» аталатын өлеңі Ыбырайға телініп, оның жинақтарына [Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 б.], оқулықтарға [Ана тілі (хрестоматия) – Алматы: Ата мұра, 2009.] енгізіліп жүр. Шындығында бұл Міржақыптың туындысы [Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы,

1991. – 384 б.]. М.Дулатовтың бұл өлеңі 1913 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Азамат» жинағында да бар.

Шығарма кітапқа енген соң оны көпшілік оқиды. Сөйтіп бір қателік ондаған қателіктерге ұрындырады. Мәселен, Ы.Алтынсариннің 167 жылдығына арналған «Ыбырай Алтынсарин және білімнің қазіргі мәселелері» атты Республикалық ғылыми – әдіснамалық семинар материалдарының жинағында М.Дулатовтың біз сөз етіп отырған өлеңі Ы.Алтынсарин шығармасы ретінде талданады:

«Кім сендерді, балалар, тербететін,
Еркелетіп, ойнатып, сергітетін?
Жалқау болсаң, балалар жаман болсаң,

Қамқор анаң көз жасын көлдететін, – деген Ы. Алтынсариннің бұл өлең шумақтарынан отбасындағы ата–ана тәрбиесі мен баланы сүйіп, еркелететіндігін және ата – ана баланың алғашқы табиғи тәрбиешісі екенін, қазақ халқының балажандық қасиеті мен ерекше мейірімділігі бар екенін көреміз» [Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. – Алматы: «Қазақ университеті». 2001. – 440 б.].

Маңғыстау облысы Қарақия ауданындағы №4 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Нина Жапанованың «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» [Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1991. – 384 б.] журналында жарық көрген. «М.Дулатұлы: «Шешенің балаларын сүйі» (Әдебиет, 8–сынып) әдістемелік мақаласында, тақырыбы айтып тұрғандай, М.Дулатұлының шығармасы ретінде қарастырылады.

Мұғалімдерде кінә жоқ, кінә шыққан кітаптарда болып тұр. Сондықтан да, оқушыларды шатастырмау үшін Ыбырай Алтынсарин жинақтары қайтадан жарық көрген кезде бұл өлеңді алып тастаған дұрыс деп білеміз.

М.Дулатовтың «Шешенің балаларын сүйі» өлеңі Ыбырай жинағына «Ананың сүйі» деген атпен қалайша еніп кетіп жүргені бізге беймәлім. Қалай болғанда да бір өлеңнің екі автор жинағында да қайталанып жүруі оқырманды әртүрлі ойға қалдырып, шатастырады сөзсіз.

«Абайтану» көрсеткіш кітабындағы Серік Мақпыровтың «Өлеңді Ыбырайдікі болғызған мен емес» деген мақаласын Ана тілінің 2006 жылғы 27 көкектегі нөмірінен тауып оқысаңыздар да, бұл Ыбырайдың өлеңі емес екеніне көздеріңіз жете түседі. «Ыбырайтану» библиографиясы көрсеткішінің бір қажеттілігі осында.

Еңбекті дайындауға жоғарғыда айтылған Қ.Ш. Шалабаева мен Б. Қайыржанова құрастырған (ғылыми консультант – Қ.Б. Жарықбаев) «Ыбырай Алтынсарин (әдебиеттер көрсеткіші)», Қостанай обылыстық Ыбырай Алтынсарин мемориялдық музейі қорындағы фотоқұжаттар мен заттар тізімі (құрастырған бас қор сақтаушы Балтабаева З. Қ.) пайдаланылды.

«Ыбырайтану» Библиографиялық көрсеткіші әдебиеттанушыларға, ғалымдарға, Ыбырай мұраларын зерттеушілер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, мұғалімдерге, оқушыларға, кітапхана қызметкерлеріне, жалпы оқырман жұртшылыққа арналған.

ЫБЫРАЙ (ИБРАҺИМ) АЛТЫНСАРИННИҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

1841 жыл 20 қазан. Бұрынғы Торғай облысының Арқарағай болысында (Қазіргі Қостанай облысының Алтынсарин ауданында) дүниеге келген. Әкесі – Алтынсары Орта жүз, қыпшақ тайпасынан, анасы Аймен арғын Шеген бидің қызы.

1844 жыл. Қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымовтың Балғожа Жаңбыршыұлының аулын бірнеше рет шапқаны тарихтан белгілі. Сондай бір қақтығыстың бірінде әкесі – Алтынсары қазаға ұшырап, төрт жасар Ыбырайды Жетібай Өтемісов деген азамат аман алып қалады. Ыбырай атасы – Балғожаның тәрбиесінде ержетеді.

1846 жыл 5 наурыз. Балғожа би Орынбор шекара комиссиясының төрағасы генерал-губернатор М.В.Ладыженскийге немересі бес жасар Ыбырайды ашылмақ мектебіне қабылдауды сұрап арыз береді.

1850 жыл 23 тамыз. Орынбор қаласындағы қазақ балаларына арналып ашылған жеті жылдық мектепке Ыбырай отыз баланың бірі болып қабылданады. Қазақ балалары мектеп табалдырығын аттағанда, орысша бір ауыз сөз білмеген. Оқушылардың мектептегі жағдайы мен киім кию салттары қазақтардың далалық өміріне бейімделген: салт атпен жүруге, гимнастикалық жаттығулар жасауларына ерекше көңіл бөлінген. Ойын мен оқу алма-кезек ауыстырылып отырған: баланы думанға толы өмірінен алыстатпау керек деген ереже басшылыққа алынған. Сол себепті, сабақтың санын азайтып, оқушылардың еркін ойнап, таза ауада көбірек болуларына қамқорлық жасалған.

Мектепте жаратылыстану және гуманитарлық пәндер оқытылған: ана тілі, орыс тілі, татар тілі, география, арифметика, геометрия, ән-күй, гимнастика. Әрі әдеби-музыкалық кештер ұйымдастырылып тұрған.

Баланы қорқытып, сескендіруге тыйым салынған, қорыққан баланың тілі кекеш болады деп білген, еңбекті қадірлеуге, кішіпейіл, ұқыпты болуға үндеген.

Қазақ балаларына арналған бұл алғашқы мектеп болғандықтан, оған «баламызды шоқындырып жібереді» деп қазақтардың көбі сенімсіздікпен қараған. Бұл жайында Мұхтар Әуезов 1923 жылы «Шолпан» журналында жарық көрген «Ыбырай Алтынсарин» деген мақаласында: «Сонымен школға бала бермегендердің көбі, «Әлде қандай болып кетеді?» деген сенімсіздік көзбен қарады. «Сынайық», «көп болса, бір бала садақа болар» дегендей қылды. Мұны, школды ашушылар білген еді. Сондықтан олар школ ашылғаннан бастап, ел арасында жайылған «Дақпыртын» сөзі орынсыз екендігін көрсету жағын өте қарастырады.

1850 жыл 23 тамыз. Орынбор қаласындағы қазақ балаларына арналып ашылған жеті жылдық мектепке Ыбырай отыз баланың бірі болып қабылданады.

1857 жыл. Он алты жасында оқу бітірген Ыбырай ауылына келіп екі жыл атасы Балғожаның қарамағында тілмаштық қызмет атқарады.

1858 жыл, 8 қазан. Орынбор және Самара генерал-губернаторының шешімімен Зауряд-Хорунжий шені берілді.

1859 жыл 1 тамыз. Орынбор облыстық басқармасында кіші тілмаш қызметінде болады.

1860 жылы облыстық басқарма Орынбор бекінісінде (Қазіргі Жанкелдин ауданы) қазақ балаларын оқытатын бастауыш мектеп ашуды жүктейді, әрі өзі сол мектепте орыс тілінен сабақ беретін мұғалім болып тағайындалады.

1864 жыл 8 қаңтар. Торғай қаласында қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашылды. Мектеп ашу салтанатына қазақ ауылдарынан 200-дей беделді адам қатынасты.

Ы.Алтынсарин Н.И.Ильминскийге 1864 жылдың 8 қаңтарында жазған хатында. «Осы жылы январдің 8 күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды, оған 14 қазақ баласы кірді, бәрі де жақсы, есті балалар» деп қуана жазды.

1867. Тыңғылықты қызметі үшін 25 ақпанда Хорунжий шені берілді.

1868 жыл. Орынбор генерал-губернаторлығы екі әкімшілікке: біреуі – Торғай облысы, екіншісі Орал. Торғай облысына ол жылдары Қостанай, Торғай, Ырғыз және Ақтөбе уездері қарайтын. Ы.Алтынсарин Торғай уездік сотының уақытша қызметін атқарды. Ол сот бола жүріп, қорғансыз, қарапайым қазаққа қорған бола білді, қолынан келгенінше көмек жасады, шовинистердің жөнсіз әрекеттеріне жол бермеді.

Осы жылы 1 маусымда Сыр бойындағы Жапбас биінің руы Шолақ Әбілевтің қызы Айғанысқа үйленді [ҚМОА, 25 қор, 1-тізбе, 2557-іс, 26 парақ].

1869 жыл, 2 қаңтар. Торғай – облысы Торғай уезі басқармасының іс жүргізушісі (письмоводитель) болып тағайындалды.

1870 жыл. Ресей Географиялық Қоғамының Орынбор бөлімшесінің №1 запискасында «Орынбор ведомствасы қазақтардың өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрі» және Қазан университетінің баспаханасынан «Орынбор ведомствасы қазақтарының құда түсу және той жасау дәстүрлерінің очеркі» деген этнографиялық мақаласы жарияланды. Қазақтар арасындағы жаңа тәртіпті енгізу ісінде атқарған қызметі ескеріліп, 1870 жылдың 13 ақпанында үшінші дәрежелі Станиславский орденімен марапатталды. Орынбор генерал-губернаторының рұқсатымен 1870 жылдың 6 тамызынан 15 қазанына дейін және 1871 жылдың 20 тамызынан 20 қыркүйегіне дейін Орынбор генерал-губернаторының рұқсатымен Торғай уездік сотының, 1871 жылдың 14 қарашасынан 1872 жылдың 1 қарашасына дейін Торғай уезі бастығының аға көмекшісі, ал ол жоқ кезде уезд бастығының да қызметін атқарды.

1874 жылы Ы.Алтынсарин облыс география қоғамына мүше болып сайланды.

1876 жыл. Петербург және Қазан қалаларына барды: Географиялық қоғамның көрнекті ғалымдарымен кездесті, қазақ халқының этнографиясы мен фольклорына қатысты мол деректер жинады.

1879 жыл 22 тамыз. Торғай облысы бойынша орыс-қазақ училищелерінің инспекторы қызметін атқарушы болып тағайындалды. Ыбырай бұл қызметке тоғыз жылдан кейін, яғни 1888 жылдың 28 қазанында ресми түрде бекітіледі.

1880 жылы – Ыбырай Алтынсариннің идеясымен Орынбор, Торғай қалаларында ер балаларға ағаш ұсталығын, ал қыз балаларға киім тігу үлгілерін үйрететін қолөнер және ауылшаруашылық мектептері ашылды.

1884 жылы – Қазан қаласында «Шариат-ул-Ислам» деген кітапшасы араб графикасымен басылып шықты. Онда құран сөзін қазақшалап түсіндіре алмайтын дүмше молдалардың сауатыздығы қатты сыналады.

1889 жыл 17 шілде – Қостанай қаласынан 3 шақырым жердегі Тобыл өзенінің бойында, «Инспектор» көлінің жағасындағы өз үйінде, 48 жасында қайтыс болды.

«Дала уалаяты газетінің» 1889 жылғы №3 санында «Минақиб, Ибраим Алтынсарин» деген некролог жарияланды. Ол өте инабатты, зейінді, зерек, қазақ арасына Европаның білім-ғылымын шашқан, ақылды, білімді адам болған, деген жоғары баға берілді.

1890 жыл 29 қаңтар. Сенаттың №25 жырлығымен статский советник атағы берілді.

Біз Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы жайындағы бұл қысқаша анықтаманы жазғанда, негізінен профессор С.Садырбаев түзген анықтаманы басшылыққа ала отырып М.Әуезовтің «Шолпан» журналында жарық көрген «Ыбырай Алтынсарин» атты еңбегіне, сондай-ақ ХІХ ғасырда және ХХ ғасырдың басында патша өкіметінің отаршылдық әкімшілігінде қызмет атқарған қазақ даласы элитасының өкілдеріне арналған әліпбилік, есімдік, формулярлық, тағы да басқа мұрағаттық құжаттар енгізілген «История Казахстана в русских источниках ХVI-ХХ веков» [VIII т. часть, 2 стр 403] кітабына сүйендік.

ЫБЫРАЙ БАСЫЛЫМДАРЫ

Ы.Алтынсарин қазақ тілі турасынан былайша айтушы еді. «Қазақ тілі соншалық мол, ләкін қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады...». Қазақша тілдің қазірден жетекші екенін Алтынсарин бір–ақ ауыз сөзбенен айтып қойған жоқ еді. Тағы да өзінің қылған ісімен анықтап көрсеткен еді... Қазақтың халқын һәм тілін жақсы көріп ұмтылған адамдар марқұм Алтынсариннің көрсеткен жолымен жүрсе жарайды.

А. Құрманбаев Қазақ тілі турасынан. // Дала уалаятының газеті, 1894. –10 шілде (№27).

1.Қазан төңкерісіне дейінгі басылымдары және Ыбырай туралы жазылған материалдар

1. Қырғыз хрестоматиясы.

Бірінші кітап. Оренбург, 1879. 100 б. Кітапта: Сөз басы. – Кел, балалар, оқылық. – Өнер – білім бар жұрттар (Өлеңдер.)

2. Уақ әңгіме – ертегілер: 1. Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш. 2. Сатемір хан. 3. Абылай хан. 4. Талаптың пайдасы. 5. Әке мен бала. 6. Асыл шөп. 7. Бақша ағаштары. 8. Бір уыс мақта. 9. Алтын шеттеуік. 10. Шеше мен бала. 11. Аурудан аяған күштірек. 12. Мейірімді бала. 13. Полкан деген ит. 14. Тышқанның өсиеті. 15. Избасты. 16. Түлкі мен ешкі. 17. Қарға мен түлкі. 18. Қарға мен құрт. 19. Сауысқан мен қарға. 20. Жан-жануарлардың дауласқаны. 21. Қара батыр. 22. Байұлы. 23. Жәнібек батыр. 24. Бай мен жарлы баласы. 25. Баланың айласы. 26. Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары. 27. Балғожа бидің баласына жазған хаты.

3. Үлкен кісілер турасындағы әңгімелер: 1. Ғалым кісі. 2. Лұқпан әкім. 3. Зеректік. 4. Силинчи деген ханым. 5. Малды пайдаға жарату. 6. Дүние қалай етсең табылады. 7. Білгеннің пайдасы. 8. Қыпшақ Сейітқұл. 9. Таза бұлақ. 10. Әдеп. 11. Қанағат. 12. Мұңсыз адам. 13. Әділдік. 14. Петр патшаның тергелгені. 15. Мұжық пен жасауыл. 16. Жомарт. 17. Сараңдық пен жинақылық. 18. Салақтық. 19. Ақымақ дос. 20. Жаман жолдас. 21. Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ. 22. Өтіріктің залалы. 23. Надандық. 24. Жамандыққа жақсылық. 25. Сақып. 26. Тәкаппаршылық. 27. Киіз үй мен ағаш үй. 28. Данышпан қазы. 29. Үш ұры. 30. Үнді. 31. Жиренше шешен.

4. Әр түрлі өлең–жырлар: 1. Бір ханға бір бидің жамандардан қорлық көргенде айтқан сөзі. 2. Орақ батырдың баласы Әлібек мырзаның бір ханға айтқан сөзі. 3. Сейіт–Ахмет деген жігіттің құрбысына айтқан сөзі. 4. Нұржан бидің бір сөзі. 5. Орынбай ақынның Ерден батырды мақтаған сөзі. 6. Әділдік көрмегені үшін бір төреге айтылған сөз. 7. Бір ақынның әділ төреге айтқан сөзі. 8. Жаз. 9. Өзен. 10. Қобыланды батыр мен Тайбурыл. 11. Өсиет өлеңдер. 12. Жанақ пен баланың айтысқаны.

5. Шараят–ұл–ислам – мұсылманшылық тұтқасы. Қазан университетінің баспаханасы. 1884 ж. 76 б.

(Кітап төрт тараудан құралған: I. Иман, оның қазақша мағынасы мен түсінігі. II. Діни міндеттер: Намаз, Ораза, Зекет, хаж т. т. III. Ихлақ–мұсылманға тиісті, тиіссіз мінез–құлықтар. IV. Намазда оқылатын дұғалардың қазақша мағыналары.

6. Мәктубат – қазақ тіліндегі хрестоматия. Қазан. Чиркованың баспаханасы. 1899. 36 бет

Сөз басы, Уақ әңгіме–ертегілер, балалар турасында. «Абылай хан», – «Әке мен бала».– «Асыл шөп».– «Бақша ағаштары».– «Бір уыс мақта».– Алтын шеттеуік.– Шеше мен бала.–Аурудан аяған күштірек. – Мейірбанды бала. – Тышқанның өсиеті. – Избасты. – Түлкі мен ешкі. – Қарға мен түлкі. – Қарға мен құрт. – Сауысқан мен қарға. – Жан–жануарлардың дауласқаны.– Баланың айласы. – Ғалым кісі. – Лұқпан әкім. – Зеректік. – Малды пайдаға жарату. – Дүние қалай етсең табылады. – Білгеннің пайдасы. – Әдеп. – Қанағат. – Әділдік. – Жомарт. – Ақымақ дос. – Киіз үй мен ағаш үй. –Үш ұры. – Өтіріктің залалы. – Надандық. – Жамандыққа жақсылық.– Сақып.– Мақалдар. – Таза бұлақ. – Сарандық пен жинақтылық. – Сайдахмет. – Әділдік көрмеген үшін бір төреге айтылған сөз.– Жаз.– Өсиет сөздер.

7. Өтептің өлгені. Қол қойған (Степной А. И.) –Дала уалаятының газеті, 1899, № 15, 16, 17.

8. Өлең – жыр. – Айқап, 1911, № 1. 13–14 беттер.

* * *

9. Крылов. Қарға мен түлкі. Қол қойған (И.А.) Дала уалаятының газеті, 1892, № 51, 18 дек.

10. Крылов. Аю мен жапан түзді мекен қылған жалғыз адамның мәжілісі. Қол қойған (И.А.) – Дала уалаятының газеті, 1895, № 49, 24 дек. (Крыловтың «Пустынник и медведь» деген мысалының қазақша аудармасы).

11. Минақиб Ибраһим Алтынсарин. – Дала уалаятының газеті, 1889, № 33, (18 август). Некрологта Ыбырай Алтынсариннің өмірі, қоғамдық қызметі туралы деректер берілген.

12. Сұлтанғазин (Дінше). Біздің қазақ тілі турасында бес–алты ауыз сөз. – Дала уалаятының газеті, 1890, № 6, (9 февраль).

Тіл мәселесіндегі Алтынсариннің көзқарасына тоқтаған.

13. Қылышбаев Абдрахман. Нұржан бидің оқудағы баласына жазған хаты. – Дала уалаяты газеті, 1892, №51, (18 декабрь).

14. Господин Әлжанов қазаққа пайдалы кітаптар деп жазғанында. Қол қойған В.К. – Дала уалаятының газеті, 1894, № 47, (27 ноябрь).

Н.И.Ильминский мен Ы.Алтынсариннің орыс алфавитін қазақ тіліне пайдалануы жайлы пікірлері туралы.

2. Ыбырайдың хаттары

Жуырда мен «Оренбург листогіне» Торғай қазақтарының басына түскен апаттары туралы мақала жазып жібердім. Осы мақаламда қазақ еліне орыс селендерін әкеліп орынатпақ болған пікірлерге қарсы екенімді білдірдім.

Ы.Алтынсариннің 1880 жылдың 7 апрелінде В.В.Катаринскийге жазған хатынан.

Ыбырайдан ислам дініне оң қарағандығының айқын дәлелі – оның «Шариғат–ул–ислам» атты діни оқулық жазғандығы.

«Ыбырай Алтынсарин» // Жаңа Сарыарқа, №2, 2006. –10 б.

15. Н.И.Ильминскийге (1860). Орынбор бекінісіндегі (қазіргі Торғай) қазақтардың балаларын оқытқысы келетіндігі, бірақ мектептің әлі ашылмағандығы, мектеп ашылғанша жергілікті балаларды оқытуға бір пәтер босаттырып беруді ресми түрде Бароннан өтініш жасағаны, бірақ ол өтінішінен ешбір нәтиже шықпағандығы жөнінде айтады).

16. Н.И.Ильминскийге (1861). (Орынбор бекінісіндегі балаларды оқытудағы қиыншылықтар – атап айтқанда, оқу құралдарының жетіспеушілігі, оларды алуға қаражаттың жетіспеушілігі, ата–аналардың балаларын тек заң үйрету үшін ғана оқытқылары келетіндігі, оқушыларды тәртіпсіздігі үшін сәл жазаласа ертеңіне мектепке жібермей қоятындығы, ал бекіністің бастығы мектептің салынуына зер салмай отырғандығы және өз семьясына қаражатының жоқтығынан көмектесе алмай, шаруашылығының нашарлап кеткендігі, міне, осындай себептерден мұғалімдік қызметтен босатуын сұрап Лев Николаевичке өтініш еткенін, осы мәселе жөнінде Николай Ивановичтің Лев Николаевичпен сөйлесіп, бір жәрдем көрсетуін өтініп жазады.)

17. А.А.Бобровниковке (1861, 6 июнь). (Хатта Орынбор бекінісінде әлі мектеп салынбағаны, қызмет жөніндегі бір іспен айналысайын десе – ешқандай іс жоқ, оқиын десе кітап жоқ. Әбден жалғыздықтан жабырқағаны туралы, қымбат уақыттарының зая кетіп жатқаны туралы айтады).

18. Н.И.Ильминскийге (1861, 30 авг.) (Хатта Орынбор (Торғай) бекінісінде әлі ешбір өзгерістің жоқтығы жайында, өзінің семья жағдайына байланысты қазақ арасына жіберуін өтініп, генералға хат жазғаны жайында айтады).

19. Н.И.Ильминскийге (1862). (Хатта Ильминскийдің қазақтарға орыс тілін үйретуге арналған оқу құралы – жетекші оқу құралы болып отырғандығы жөнінде, әлі күнге бекіністен туған жеріме жіберіңіз деген өтінішімен санаспай, жібермей отырғандығы жөнінде, өзінің қазіргі кезде қазақтың әр түрлі әдет–ғұрыптары жөніндегі мәселелермен шұғылданып жүргендігін, реті келсе, оларды жазып жіберетіндігін хабарлайды).

20. Е.С.Ильминскаяға (1862, 26 янв.) (Хатта Екатерина Степановнаның сәлеміне рахмет айта отырып, ол кісіден Николай Ивановичке жиі хат жаздырып тұруын өтінеді).

21. Н.И.Ильминскийге (1862). (Н.И.Ильминскийдің «Материал» деген шығармасын оқып шыққанын, онда кездескен аздаған қателерді Қазанға барғанда айтатындығын хабарлайды, сонымен қатар «Балалар дүниесінен» де (Детский мир) бір мақаланы қазақшаға аударып көргелі отырғанын хабарлайды).

22. Н.И.Ильминскийге (1862, 27 авг.) (Жіберген кітаптарына рахмет айтып, ризалығын білдіре отырып, келесі почтамен өзінің дайындап жатқан жұмыстарын жіберетіндігін хабарлайды).

23. Н.И.Ильминскийге (1864). (Хатта осы жылдың 8 январь күні Орынбор бекінісінде көптен күткен мектептің ашылғанын, оған 14 қазақ баласының оқуға келгенін қуанышпен хабарлайды. Оқушыларға қалай сабақ өткізетіндігін айта келіп, 5–6 самоучитель және балалар үшін пайдалы деп табылатын тағы басқа кітаптар жіберуін сұрайды. Петербургке немесе Қазан қаласына барғысы келетінін хабарлайды).

24. Н.И.Ильминскийге (1864 ж., 14 апрель). (Бірнеше самоучитель және басқа кітаптар, тым болмаса «Балалар дүниесін» жіберуді сұрайды).

25. Н.И.Ильминскийге (1871). (Бұл хатында Ильминскийдің қазақ арасында орыс алфавитін енгізгісі келетін пікіріне қарсы еместігін, татар медреселерінде оқитын қазақ шәкірттерінің саны азаймай отырғандықтан, орыс алфавитін қазақ арасына енгізудің қиындығын айтады. Жаңа мектептердің қандай негізде ашылатындығы, оның жағдайын сұрайды және Ильминскийден қазақ сөздігінің, немесе сол сөздікке арналған материалдардың бір данасын жіберуді өтінді).

26. Н.И.Ильминскийге (1873). (Хатта Халық ағарту министрінің ұсынысы бойынша Торғай соғыс губернаторы өзін қазақ балалары үшін орыс алфавитімен жазылатын оқу құралын құрастыруға қатысу үшін өзін Қазанға жібергелі жатқанын хабарлайды. Осы жағдайды пайдаланып өзінің өлеңдерін, аудармаларын, ескертулерімен қоса дайындап қойғандығы жайлы хабарлайды).

27. Н.И.Ильминскийге (1873 ж. 7 июнь). (Бұл хатында Ильминскийден Қазанға қанша уақытқа баратындығын хабарлауды өтінеді).

28. Н.И.Ильминскийге (1876). (Бұл хатында қазақ тіліндегі оқулықтың бірінші кітабын Паульсон кітабының құрастырылу тәртібімен жазып шыққалы отырғанын хабарлайды. Екінші кітабын табиғат құбылыстары, табиғат күштері туралы, тарихи және географиялық – ғылыми әңгімелерден құрастырғысы келетіндігін айта келіп, осы жоспарларына Ильминскийдің қалай қарайтындығын хабарлауын сұрайды).

29. Н.И.Ильминскийге (1877). (Бұл хатында Катаринский арқылы қазақ мектептерін басқаратын инспектордың көмекшісі болып қызмет ет деген ұсыныс алғандығын, оған өзінің қарсы еместігін, сонымен қатар Ильминскийдің самоучителін қазақ арасына түгел таратылғандығын хабарлайды).

30. В.В.Катаринскийге (1879). (Хатта өзінің қаражатының жоқтығынан Қазанға бара алмайтынын хабарлайды, онда басылып шыққалы жатқан кітабына сонда оқып жүрген Шуақовтың корректор болуын сұрайды).

31. В.В.Катаринскийге (1879, 9 ноябрь). (Хатта Хрестоматияның басылуы аяқталып қалғанын, Ырғызға оқытушы жіберілгенін, бірақ Ырғыздағы мектепке әлі шаруашылық құралдары стол, орындық, парта т. б. алынбағанын хабарлайды).

32. В.В.Катаринскийге (1879, 17 ноябрь). (Хатта қазақ хрестоматиясының басылып болғандығын, Орынбор округі үшін оның қанша данасын қалдыру керектігін, Түркістан округіндегі халық мектептерінің директорларына және Сибирь округінің оқу жұмысын басқарушыға қалай хабарлау керектігін және Катаринскийдің өзінің қарамағындағы мектептерге қанша кітап жіберу керектігі жөнінде пікірін білдіруді өтінеді).

33. Н.И.Ильминскийге (1879, 25 ноябрь). (Бұл хатында лайықты оқытушы жоқ болғандықтан болыстық мектепті ашуға асығудың қажеті жоқ екендігін, ал білімді оқытушылар аздаған табысқа бола қазақ арасына барып көшіп-қонып, қыстап-жайлап жүруге көнбейтіндігін айтады. Әуелі, қазақ арасында жақсы жабдықталған бір-бір екі кластық немесе үш кластық мектеп ашу керектігін, бұл жобаға бастықтардың да қарсы еместігі жайын баяндайды).

34. В.В.Катаринскийге (1879, 27 декабрь). (Бұл хатында көптеген жол азабын көріп, Орынбордан Торғайға келгенін, енді, жаңа мектептер туралы жобаны ойластыру қажет екенін, Ырғыз бен Торғайдағы жас оқытушылардың жайын, қай пәндерге қандай оқу құралдарын қолданған жөн екенін айта келіп, өзінің қазақ балаларын оқыту жөніндегі жоспарын (1-класс және 2-класс үшін) ұсынып, Катаринскийдің пікірін білдіруін сұрайды).

35. В.В.Катаринскийге (1880) (Ырғыз бен Торғайда мектеп үйлері салынып біткенін, жабдықтау жағының да жаман емес екендігін айта келіп, Торғайдағы мектептің бұрынғыдан екі есе үлкейгендігі, оған керекті қаражатты да көбейтуді қажет ететіндігі, азық-түліктің бағасы қымбаттағандықтан мектептегі жатып оқитын балалардың тамақ жағдайы нашарлап кеткендігі, осы мәселелерді ойластырып шешу қажеттігі жайында).

36. В.В.Катаринскийге (1880). (Бұл хатында Тройцк, Ырғыздағы мектеп үйлерін сол жерлердегі уезд начальниктері өздеріне пайдаланып, оқушыларды жаман лашықтарға орналастырып, оқу тәртібін бұзып отырғандарын хабарлап, осы мәселені тәртіпке келтіру қажеттігі туралы айтылады).

37. В.В.Катаринскийге (1880, 4 апрель). (Хатта Тройцкідегі мектеп жетекшісімен уезд начальнигі арасындағы жанжалды біршама реттеу қажеттігі, Ырғыздағы мектеп шаруашылығының түзелгендігі, Торғайда жалпы жобаға сәйкес жаңа мектеп салу жұмысына рұқсат алынғаны және Ырғыз мектебінің сметасын қайта қарау керек болып отырғандығы жөнінде хабарланады).

38. В.В.Катаринскийге (1880, 7 апрель). (Хатта Торғай мектебін салудағы көптеген қиыншылықтар, хрестоматияның екінші бөлімін құрастырып жатқаны, бұл бөлімнің мазмұны қандай болатындығы жайында, география және тарих оқу құралдарынан Торғай мен Ырғыз мектептеріне жіберу қажеттігі,

«Орынбор листогіне» Торғай қазақтарының басына түскен апаттар туралы мақала, жариялағаны жөнінде хабарлайды).

39. А.А.Мозохинге (1881). (Хатта салынып бітпеген мектепке қажетті заттар, оларды қайдан алу керектігі, мектепке аспаз және өзі барғанша 6–7 шәкірт дайындап қоюын талап етеді).

40. Н.И.Ильминскиге (1881, 4 октябрь). (Ильминскийдің Торғай облысына жіберген оқытушылары үшін ризалықпен рахмет айтады. Өзінің ендігі ойы қазақ уездерінің өз ортасынан, неғұрлым тезірек, мектеп ашып, оның негізін берік қалау керек екендігі, Торғайда, Ырғызда мектеп үйлері дайын, ал Елек, Николаевск уездерінде мектептер салуға керекті қаржының жиналып болғанын, Торғайда «Яковлев мектебі» деп аталатын ерекше қолөнер мектебін ашпақшы болып жатқандарын хабарлайды. Сонымен қатар Ильминскийден келешекте іскер оқытушылар жіберіп, қазақ халқын оқыту ісіне көмектесуін сұрайды және қолөнерін, бау–бақша, огород істерін, мал шаруашылығын, егіншілік кәсібін үйретуге арналған практикалық жеңіл оқу құралдарын жіберуді өтінеді).

41. А.А.Мозохинге (1881, 21 октябрь). (Мектеп ашуға керекті жіберілген жүктерді, материалдарды қай станциядан, қалай қабылдап алуы керектігі жайында және «Народная школа» журналын жаздырып алу қажеттігі жайында).

42. А.А.Мозохинге (1881, 17 ноябрь). (Хатта оқушыларды оқыту жөніндегі ережелерді, қандай оқу құралдары арқылы оқыту керектігін түсіндіре келіп, бұл жөніндегі негізгі бағытты ұмытпау керектігін тапсырады).

43. А.А.Мозохинге (1881, 16 декабрь). (Бұл хатында оқушылардың намазға кететін уақытын қысқарту және Елек уезінің начальнигіне мектеп шығыны үшін жіберілген ақшаға есеп беру жөнінде т. б.).

44. В.В.Катаринскийге (1882) (Қазақтардан қаржы жинау жөніндегі губернатордың берген мәліметтерінің дұрыс еместігіне көңіл аударуды талап етеді. Торғайдағы қолөнер мектебінің ашылуы кешеуілдеуінің жайын ескертеді.)

45. Н.И.Ильминскийге (1882, 29 июль). (Бұл хатында қазақ балаларын тәрбиелеп, оқытып жатқан орыс оқытушыларына мінездеме бере келіп, бұдан былайда оқытушыларды жіберуде жаңашырлықпен қарауды өтінеді).

46. Н.И.Ильминскийге (1882, 12 сентябрь). (Хатта қазақ арасында Мұхамбеттің діни оқуы жайылып етек алып бара жатқаны, оны тежеу үшін белгілі бір арнаға аударатын оқу құралын жасаудың қажеттігі туып отырғандықтан оқу құралын жасауға кіріскенін, осы оқу құралын бастырып шығартуға Ильминскийдің көмектесуін сұрайды).

47. А.А.Мозохин (1882, 19 октябрь). (Хатта Торғайдағы мектепке деген ақшаның босатылуы жайында және сметаға енген өзгеріс болса, хабарлауын т.б. жайында).

48. А.А.Мозохинге (1882, 19 ноябрь). (Мектепке қажетті қаржыны жібергені жөнінде, оны қалай жұмсау керектігі, уақытымен есебін жіберіп тұруы жөнінде т. б.).

49. В.Катаринскийге (1882, 2 декабрь). (Оқытушылар мектебінің ашылғанына қуанып, оған Ырғыз, Торғай мектептерінен оншақты оқушылар дайындап қойғанын, бұл жөнінде нұсқау хабар күтіп отырғаны және өзінің дін туралы

Ильминскийге жазып жіберген оқу құралынан әлі хабар ала алмай отырғаны, бұл жөнінде Катаринский хабардар ма, жоқ па, кешігу себебін білгісі келетіндігі жайында).

50. Н.И.Ильминскиге (1883). (Дін жөніндегі Қазанға жіберген оқу құралы басылып шықпайтын болғандықтан, Ильминскийден қолжазбаны өзіне қайтарып жіберуін өтінеді).

51. А.А.Мозохинге (1883, 22 январь). (Бұл хатында оқытушылар сұраған кітаптарды жіберіп отырғанын, келесі почтамен ақша жіберетіндігін хабарлай отырып, мектептегі оқушылар үшін қандай кітаптар жаздыру керекін және қандай кітаптардың жеткіліксіз болып отырғанын анықтап хат жазуын талап етеді).

52. А.А.Мозохинге (1883, 1 февраль). (Губернатордың мектептегі жұмысты бағалағанына өте қуанышты екендігін білдіре келіп, мектеп қаражатын жұмсаудың документтерін тезірек дайындап жіберуді өтінеді).

53. В.В.Катаринскийге (1883, 4 февраль). (Бұл хатын да Жаманқалада (Орск) жақында ашылған оқытушалар мектебіне Торғай мектебінен–6, Ырғыз мектебінен – 5 оқушы жібергенін, ал Тройцкіден хабар жоқ, одан да оқушылар жіберуге тиісті екендігі, оқыған тәуір мұғалімдердің далаға келе бермейтіндігі, сондықтан да орнығып қалған мұғалімдерді қозғамай, білімін жетілдіріп отыруды сұрайды. Торғайда ашылатын қолөнер мектебіне үй сатып алынғанын, бірақ мектептің Яковлев атымен атау жайы әлі белгісіз екендігін, қалай болған күнде де алдағы көктемде бұл мектепті ашу керектігін айта келіп Катаринскийден жаңа попечительдің бұратаналарды оқыту жұмысына қалай қарайтындығы, осы жұмысқа оның көңілін ерекше аударуын, мектеп жұмысына келешекте де қамқоршы болуы үшін қазақ арасындағы бірсыпыра беделді адамдарды наградаға ұсынғандығын, бұл жөнінде попечитель қанағаттандырарлық жауап берер ме екен деген ойда жүргендігін хабарлайды).

54. В.В.Катаринскийге (1883, 1 апрель). (Бұл хатында қолөнер мектебін Яковлев мектебі деп атау жөнінде ресми рұқсат алғанын, осы мектепке ағаш–балта ұсталығы өнерінен сабақ беретін оқытушы табуға жәрдемдесуін сұрайды және өзінің хрестоматиясының екінші бөлімін жазып жатқандығын, Ново-Николаевскідегі мектеп үйін салу жұмысын бастау үшін апрельдің 20-на таман Николаевск уезіне жүргелі отырғаны жайында хабарлайды).

55. А.А.Мозохинге (1883, 2 апрель). (Оқытушылар мектебіне жіберген оқушыларын бірінші курсқа қабылдағанын қуанышпен хабарлайды).

56. А.А.Мозохинге (1883, 15 апрель). (Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жайында).

57. А.А.Мозохинге (1883). (Бұл хатында жазғы демалысқа шығу мерзімін алдын ала хабарлауын, демалысқа кетерде мектеп мүлкін сенімді адамға тапсырып кетуін ескертеді және оқыту жоспарын жасап, өзіне жіберуін талап етеді. Өзінің, Ақтөбеде салынып жатқан жаңа мектепті көру үшін, оған керекті қаржыға смета жасау үшін сонда жүргелі отырғанын хабарлайды).

58. В.В.Катаринскийге (1883, 2 август). (Бұл хатында өзінің өкпесіне суық тиіп үш ай ауырған себебінен көптен хабарласа алмағанын айта келіп, Торғай, Ырғыз уездері Сырдария губерниясына, ал Николаевск, Елек уездері

Орынбор губерниясына қосылады екен деген хабардың анығын білгісі келетіндігін, олай болғанда бұл мектептерді әкімшілік жағынан басқарудың қиындап кететінін ескертеді).

59. Н.И.Ильминскийге (1883, 15 сентябрь). (Торғайда 95 адамдық «Яковлев мектебі» атты ерекше қолөнер мектебі ашылғанын, онда оқытылатын қолөнер сабағы көбінесе, ағаш ұсталық жұмыстары, жазу–сызу, қыздарға кесте тігу т. б. қолөнер жұмыстарын үйрететін оқытушылар қажет екенін айта келіп, Торғай облысындағы мектептердің жанынан оқытушыларға және оқушыларға арналған кітапханалар ашу үшін ақша қаражат жинап қойғандығын хабарлайды. 2–3 кластық халық мектебін бітіріп, қырда жүрген жалпы сауатты адамдар өз білімдерін жалғастыру үшін, білімдерін өз бетімен көтере берулері үшін бұл кітапхананың маңызы зор екенін айта келіп, ендігі өзінің қиналып отырған жері екі–үш кластық халық мектептерін бітіріп шыққан адамдар еркін түсіне алатын, білімнің барлық салаларынан кітаптар және оқу құралдарын жинастыру екендігін айта келіп, осы мәселеде көмек көрсетуін өтініп сұрайды).

60. В.В.Катаринскийге (1884). (Әр түрлі кітаптар жаздырып алу жөнінде попечительдің жасаған ұсынысын алғанын хабарлай келіп, наградаға ұсынылғандар ішінде кейбір қажетті адамдардың қалып қойғанын ескертеді).

61. А.А.Мозохинге (1884). (Хатында оқушылар мен оқу құралдары жайында нақтылы мәліметтер беруін сұрайды).

62. А.А.Мозохинге (1884, 4 февраль). (Бұл хатында келешекте ақшаны Елек уезіндегі арнаулы ақша жинаушының кассасынан алып тұратынын, кредитті Мозохиннің өзі билеп, бақылау палатасының алдында енді өзі есеп беріп тұратынын ресми түрде хабарлайды).

63. В.В.Катаринскийге (1884, 4 февраль). (Келешекте Қостанайда техникалық және ауыл шаруашылық училищелерін ашудың жоспары жайында пікір қозғауын өтінеді.)

64. А.А.Мозохинге (1884). (Осы почтамен Бунаков оқу құралдарын түгел жіберіп отырғанын, оқытушылар мектебіне оқушылар жіберуде өзімен ақылдасудың қажеттігін ескертеді).

65. А.А.Мозохинге (1884, 5 май). (Хатта Мозохиннің мектебін Ақтөбеге көшірмек болғанын хабарлайды).

66. Н.И.Ильминскийге (1884, 14 сентябрь). (Торғай облысы бойынша барлық уездерде, қырдағы уездік қалаларда екі класты мектептер ашылғанын, енді бұларды қалалық үш класты мектепке айналдыруды сұранып жүргенін, сонымен қатар ел арасынан болыстық мектеп ашу қажеттігі және бүкіл облыс бойынша бір техникалық мектеп ашудың қажеттігі туып отырғанын, бұл мектепте қолөнерінен басқа, қазақтар өздерінің шикізаттарын іске асыра алатын кәсіптер, мысалы тері илеу, байпақ басу, түбіт орамал тоқу, майшам жасау сияқты өнерлер үйретілуге тиіс екенін ескертеді).

67. Н.И.Ильминскийге (1884, 30 сентябрь). (Қазақтың бастауыш мектептерінде қолөнері сабағын енгізу мәселесінде губернатормен екі арада келіспеушілік болып қалғанын) мұнда Катаринскийдің өзін қолдағанын ризашылықпен хабарлайды. Қазақ хрестоматиясының екінші бөлімін құрастыруда қазақ тари-

хынан да мақалалар енгізілуге тиісті екендігін, бірақ соған материал таба алмай отырғандығын айта келіп, қазақтар жайында материал Қазаннан табылса жіберуін, немесе сондай кітаптар сатылатын жер болса хабарлауын сұрайды).

68. В.В.Катаринскийге (1885). (Торғайдағы қолөнер мектебіне қажетті оқу құралдар жайында айта келіп, Рождественскийдің «Отан тарихын», оқытушылар үшін оның «Жалпы тарихын» жаздырып алудың қажеттігі және осыларға көмектесуін өтінеді).

69. В.В.Катаринскийге (1885, 12 октябрь). (Попечительмен қыздар мектебі және ауыл шаруашылық мектебі жайында сөйлескенін, ал оның қазақтарға білім беру мәселесі, оның тәртіптері жөнінен ерекше бір баяндама жазып жіберуін талап еткенін хабарлайды).

70. В.В.Катаринскийге (1886). (Болыстық мектептерді ашу жайында попечительден әлі ұсыныс алмай отырғаны және бұл жөнінде Торғай әкімшілігі басшыларының жанашырлық жасамай, қайта өзіне жала жауып отырғанын, осындай арсыз өтірік пен жаланың мән-жайын Орынбордан ресми түрде сұрастырып білуді өтінеді).

71. Ф.Д.Соколовқа (1886, 12 июнь). (Барлық уездерден болыстық мектеп ашу үшін жиналған қаржыны губернатордың басқа мақсатқа пайдалануды көздеп отырғанын, осыны тоқтату шарасын өтініп сұрайды).

72. Н.И.Ильминскийге (1886, 18 сентябрь). (Болыстық мектептер жайлы хатын жібере отырып, бұған қарсы жақтардың өте көптігін ескертіп, мәселені Н. И.–дің өзі шешуін тапсырады).

73. Ф.Д.Соколовқа (1886, 9 октябрь). (Тері илеуге, бояу жасауға қажетті шөптер жіберуге көмектесуін және ол жақтағы уездік дәрігерден шешекке қарсы егетін дәрі алып беріп жіберуді өтінеді).

74. В.В.Катаринскийге (1886, 3 декабрь). (Жаңадан ашылған училищеге үй және басқаларын жалдау туралы Қостанай қауымының қаулысын попечительге тапсырғаны туралы хабарлайды).

75. Н.И.Ильминскийге (1887, 19 март). (Красноуфимскідегі реалды училищенің директоры біздерден барған оқушылардың қабылеттілігін мақтап, олардың істеген заттарының үлгісін былғары мен сабынды попечительге, ал ол министрге жіберіпті дей келіп, Торғайда ашылған Яковлев атындағы қолөнер мектебінің алғашқы жақсы нәтижелерін қуанып хабарлайды).

76. В.В.Катаринскийге (1887, 28 май). Оқытушылар еңбегін үнемі салық арқылы өтеу қиындап бара жатқандығын, оларға мемлекет тарапынан қандай жалақы берілуі жағдайын қарастыруды өтінеді.

77. А.А.Мозохинге (1887, 2 июнь). (Емтиханды оқушылардың қалай тапсырғанын, басқа жерге ауысатын мұғалімдер болса ертерек хабарлауын өтінеді).

78. В.Катаринскийге (1887, 10 июль). (Губернатордың Николаевск уезінде екі, Торғай уезінде бір, Ырғыз уезінде бір, Елек уезінде бір мектеп ашу жөнінде ұсыныс бергенін хабарлап, Ырғыздағы қыздар мектебін ашуға жүргелі отырғанын, сол мектепке оқытушы әйел тауып беруге көмектесуін сұрайды).

79. В.В.Катаринскийге (1887, 27 ноябрь). (Николаевск уезінде тағы да екі мектеп ашқалы отырғанын, қазір сол мектептердің жабдықтары мен оқу құралдары дайындалып жатқанын хабарлайды. Ақтөбеге үшінші оқытушы тағайындағанына ризалық білдіріп, қоныс аударушы орыстардың көптігінен тағы да бір ер балалар үшін бір класты орыс мектебін ашу жөнінде уездік облыс бастықтарына тілек білдіріп отырғанын және бұл мектептердің жанынан қолөнері бөлімдерін де ашқалы отырғандарын хабарлайды).

80. В.В.Катаринскийге (1888.) Әрбір уезде бір–бір техникалық мектеп ашу туралы пікірін айта келіп, осы ашылмақшы техникалық мектептерге оқытушыларды қазақтардан дайындау қажеттігін ескеруді сұрайды).

81. Н.И.Ильминскийге (1888, сентябрь). (Ырғыздағы қыздар мектебі жанынан қазақ қыздары үшін әйелдер пансионын ашпақшы екенін, Қостанайға көшіп келген орыстар үшін орыс мектебін, Ақтөбеде қыздар мектебің Торғай мен Елек уездерінде тағы да екі болыстық мектеп ашқанын, Красноуфимскийдегі реалды училищеде қазақтарды техникалық ғылымға оқыту үшін төрт стипендия тағайындалғанын, ал ауыл шаруашылық мектебінде қазақтарға бес стипендия тағайындалғанын хабарлайды. Енді осы Красноуфимскі училищесіндей етіп облыстың өзінде қазақтар үшін арнаулы ауыл шаруашылық мектебін ашу туралы жобасын ұсынады).

82. В.В.Катаринскийге (1888, 6 октябрь). (Попечительдің Қостанайда болып мектептердің оқыту жөніндегі табыстарына риза болып кеткенін хабарлайды).

83. В.В.Катаринскийге (1888, 5 ноябрь). (Оқуға қазақ қыздарын тарту үшін Торғай, Ырғыз уездерін екі жетідей аралағанын, істің барысы жақсы екенін, алғаш күннен бастап қазақ қыздарына қол өнері үйретіле бастағанын, олардың ата–аналары қуанышты екенін, Ырғыздағы интернатта қазақ қыздарының санын көбейту шарасын ойластыруды ұсынады).

84. Н.И.Ильминскийге (1889, февраль). (А. В. Смоленскийді қазақ жеріне жібергенін қуанышты қарсы алатындығын, бірақ Ақтөбе мектебінің меңгерушісі етіп тәжірибелі Лапшинді тағайындап қойғандықтан, А, В.–ның Ырғызға баруының дұрыстығын айтады).

85. В.В.Катаринскийге (1889, 10 май). (Красноуфимскідегі ауыл шаруашылығы мектебінде мұсылман дәстүрін мүлде елемеудің салдарынан қазақ оқушыларының арасында туып отырған наразылықтардың бір қатар себептерін айта келіп, осы наразылықты бәсеңдету үшін өзінің сонда жүргелі отырғанын хабарлайды).

3.Этнография жөніндегі еңбектері

86. Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі.

87. Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі.

88. Қазақбайұлы К. Әдеби тұрғыдан қарағанда Алтынсариннің қазақтар үшін маңызы / К.Қазақбайұлы // Оренбургский листок, 1884. – 26 апрель.

Алтынсарин шығармалары мен жинаған халық ауыз әдебиетінің нұсқалары жарық көре бастағаны «Өсиет», «Жаз» т.б. өлеңдері халық сүйіспеншілігін тудырғаны айтылады.

89. Сұлтанғазин Д. Біздің қазақ туралы бес–алты сөз / Д.Сұлтанғазин // Дала уалаятының газеті, 1890. – №6.

Ы.Алтынсариннің қазақ тілінде кітап шығарып, ана тілімізді ардақтағанын қуана жазады.

90. Әлжанов О. Қазақтарға пайдалы кітаптар /О.Әлжанов // Дала уалаятының газеті, 1894. – №39.

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясына» тоқталып, оның пайдасы зор екендігін айтады.

91. Құрманбаев А. Қазақтың тілі турасынан /А.Құрманбаев// Дала уалаятының газеті, 1894. – 10 шілде (№27)

Ы.Алтынсариннің орыс әріпімен «Қазақ хрестоматиясы» атты кітап шығарып, қазақ тілінің байлығын көрсеткенін газет оқушыларының үлгі етіп, тіліміз таза болу үшін Алтынсарин жолын ұстанып, кітап шығару керектігін құлаққағыс етеді.

ҚАЗАН ТӨҢКЕРІСІНЕН KEЙІНГІ БАСЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ ОЛ ТУРАЛЫ МАТЕРИАЛДАР

1870 жылдардан бастап хукімет қазақ жұртын оқыту керек деген пікірді майданға қойды. Бұл хақында қазақ елін басқаратын махкамаларда, оқу ісін басқаратын жоғарғы, төменгі махкамаларда көп сөз, көп жобалар болды, осы дәуірде оқу шын қазақ балалары үшін қазақша кітап жазу керек деген пікір болды. Оқу хақімдері Ильминискийдің айтуымен кітап жазуды Ыбырайға тапсырды.

Ыбырай қазақ тілінде 2 бөлімді қирағат кітап жазды.

Кітабы Қазанда 1879-шы жылы басылып шықты.

Әуезов.М Ыбырай Алтынсарыұлы (1841–1889 жыл –48 жас).// «Шолпан» журналы, 1923 жыл. №6–7–8, 173–196 – б.б.

92. Киіз үй мен ағаш үй (Әңгіме) – Өнер–білім бар жұрттар (Өлең). – Кітапта: Кемеңгерұлы Қ. Оқу құралы. 1928, 39–40, 43–беттер.

93. Таңдамалы шығармалары. Жинаған С.Сейфуллин. Алматы, Қазкөркемәдеббас, 1935, 55 б.

94. Кел, балалар, оқылық. – Жаз (Өлеңдер). – Надандық (Әңгіме). Кітапта: Әуезов М. Әдебиет хрестоматиясы. 6 кл. арн. Алматы, 1938, 151–157 б.б.

95. Таңдамалы шығармалары. Жинап дайындағандар: Әбілев Д., Тоқмағамбетов А., Балғынбаев Ғ., Алматы, Қазмембас, 1943, 95–бет.

96. Әке мен бала. (Әңгіме). – Пионер, 1947, № 4, 14–бет.

97. Кел, балалар, оқылық! Бастауыш мектептің оқушыларына арналды. Құрастырған және алғы сөзін жазған Қ.Жармағамбетов. Алматы, Қазмемоқуқұралбас, 1948. 76–бет.

Мазмұны: I бөлім. Өлеңдері: Кел, балалар, оқылық. – Өнер–білім бар жұрттар. – Ананың сүюі. – Бұл кім? – Жаз. – Егіннің бастары. – Екі шыбын. – Қарға мен түлкі. – «Қайырымды» түлкі.

II бөлім. Әңгімелері: Бай мен кедей баласы. – Надандық. – Дүниеде жамандық неден? – Аюанның естісі көп, бірақ адамдай ақылы жоқ. – Салақтық – настық. – Тәкаппаршылық. – Дүние қалай етсең табылады. – Талаптың пайдасы. – Силинші. – Мейірімді бала.– Аурудан–аяған күштірек. – Полкан деген ит. – Таза бұлақ. – Бақша ағаштары. – Шеше мен бала. – Әке мен бала. – Асыл шөп. – Атымтай жомарт. – Алтын шеттеуік. – Байлық неде? – Малды пайдаға асыру. – Бір уыс мақта. – Сарандық пен жинақтылық.– Білімнің пайдасы.– Әдептілік. – Байлық. – Сәтемір. – Жаман жолдас. – Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш. – Түлкі мен ешкі. – Қара батыр. – Мақта қыз бен мысық. – Баланың айласы. – Жамандыққа жақсылық. – Өтіріктің залалы. – Үш ұры.

98. Мақта қыз бен мысық, (Ертегі). – Пионер, 1948, № 7, 16–бет.

99. Әдептілік, (Әңгіме). – Советтік Қарағанды, 1949, 30 июль.

100. Бақша ағаштары, (Әңгіме). – Советтік Қарағанды, 1949, 30 июль.

101. Кел, балалар, оқылық, (Өлең). – Советтік Қарағанды, 1949, 30 июль.

102. Өнер–білім бар жұрттар, (Өлең). – Социалистік Қазақстан, 1949, 31 июль.

103. Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш, (Әңгіме).–Қазақстан пионері, 1949, 4 август.

104. Таза бұлақ, (Әңгіме). – Советтік Қарағанды, 1949, 30 июль.

105. Талаптың пайдасы, (Әңгіме). – Пионер, 1949, № 7, 13–бет.

106. Шеше мен бала, (Әңгіме). – Советтік Қарағанды, 1949, 30 июль.

107. Асан мен Үсен (Әңгіме. Балалар үшін). Алматы, «Жаңа өмір» журн. басп., 1952. 81 бет.

108. Бай баласы мен жарлы баласы, (Әңгіме). – Кітапта: Әдебиеттік оқу кітабы. Жеті жылдық және орта мектептің 5 класына арналған. Алматы, 1952, 1953, 1954, 24–25 беттер.

109. Бай баласы мен жарлы баласы. (Балалар үшін әңгіме). Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1953, 16 бет.

110. Өнер – /білім бар жұрттар. – Өзен, (Өлеңдер).– Қыпшақ Сейітқұл. – Байлық. (Әңгімелер). Кітапта: Әдебиеттік оқу кітабы. 6 кл. арн. Алматы, 1953, 138–144 б.б.

111. Таңдамалы шығармалар. Құраст. Б.С.Сүлейменов. Алматы, Қазақ ССР Ғылым акад. бас. 1955, 415–б.

112. Мазмұны: Алғы сөз; Ибраһим Алтынсарин. I тарау. Өлеңдері. Сөз басы; – Балғожа бидің баласына жазған хаты. – Өсиет өлеңдер. – Әй, достарым! – Әй, жігіттер! – Жаз. –Өзен. – Әділдік көрмегені үшін төреге айтылған сөз.

–Қарға мен түлкі.

Әңгімелері: Сөз басы. – Өрмекші, Құмырысқа, Қарлығаш. – Сәтемір хан.– Талаптың пайдасы.– Өке мен бала.– Асыл шөп.– Бақша ағаштары. – Бір уыс мақта. – Алтын шеттеуік. – Шеше мен бала. – Аурудан–аяған күштірек. – Мейірімді бала. – Полкан деген ит. – Тышқанның өсиеті.– Избасты.– Түлкі мен ешкі. – Қарға мен күрт. – Сауысқан мен қарға. – Жан–жануарлардың дауласқаны. – Қара батыр (Ертегі). – Бай ұлы. – Жәнібек батыр. – Бай мен жарлы баласы. – Баланың айланы. – Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары. – Әлім кісі. – Лұқпан әкім. – Зиректік. – Силинші деген ханым. – Малды пайдаға жарату. – Дүние калай етсең табылады. – Білгеннің пайдасы. – Қыпшақ Сейітқұл. – Таза бұлақ. – Әдеп. – Қанағат. – Мұңсыз адам. – Әділдік.– Петр патшаның тергелгені. – Мұжық пен жасауыл. – Жомарт. – Сарандық пен жинақтылық. – Салақтық.– Ақымақ дос– Жаман жолдас. – Айуанның естісі көп, бірақ адамдай толық ақылы жоқ. – Өтіріктің залалы. – Надандық. – Жамандыққа жақсылық.– Сақып.– Тәкаппаршылық. – Киіз үй мен ағаш үй. – Данышпан қазы. – Үш ұры. – Үнді. – Жиренше шешен. – Қарлығаш. – Тазша бала. – Алтын Айдар.

Оқу методикалық шығармалары: 1. Нәрселердің аттары. (Зат есім) Имя существительное. 2.Зат–мақұлықтың қасиетінің аттары (Сын есім) Имя прилагательное. 3.Есеп аттары (Сан есім) Имя числительное. 4. Местоиимение деген сөздің бөлімі (Есімдік). – 5. Ақыры өзгерілмейтін сөздер (Үстеу, демеу) Нарес-

чие и союз. 6. Предлог деген сөздің бөлімі (Жалғау). 7. Глагол деген сөздің бөлімі (Етістік). Қазақшадан орысшаға көшіруге жазылған сөздер.

Халық ағарту мәселелері жөніндегі ескертпелері

113. Қазақтың болыстық мектептері туралы записка.

(Торғай, Николаевск және Елек уездерінде жиналған қаржыны болыстық жергілікті орыс–қазақ мектебіне жұмсау туралы).

114. 1881 жылы, 6 октябрьде Торғай облысының соғыс губернаторына берген рапорты. (Елек уезінде ашылған Ақтөбе мектебіндегі оқушылардың санын көбейту жөнінде).

115. 1882 жылы Торғай облысындағы оқу жұмысының жайы туралы есеп. (Торғай, Ақтөбе, Ырғыз және Тройцк (Николаевск) мектептеріндегі оқу және тәрбие жұмыстары, оқу құралдарының жайы жөнінде есеп және осы төрт мектепті уездік немесе қалалық мектептерге айналдырып, оларға уездік, қалалық мектептердің құқығын беру лайық болатындығы туралы ұсынысы айтылған).

116. Екі кластық мектептің меңгерушісіне нұсқау хат. (Оқытушыларға және оқушыларға арналған оқу құралдарын жібере отырып, орыс–қазақ мектебінде қолайлы деп тапқан кітаптарға оқушылардың назар аударып, тиімді пайдалануы керектігін айтады).

117. Орынбор округі попечителіне баяндама хат. (Ырғыз, Торғай, Ақтөбе және Николаевскідегі мектептерді уездік мектеп етуге және олардағы оқытушыларды тұрақты қалдыру қажеттігі жөнінде).

118. Торғай облысының соғыс губернаторы Ильинге баяндама хат. (Халық мектептеріне қор жасауды көбейту туралы қазақ қауымдарына күн ілгері ұсыныс енгізудің қажеттігі жайында).

119. Торғай облысы соғыс губернаторының қызметін атқарушы Ильинге баяндама. (Қарабұтақ фортында бір мектеп ашу керектігі жөнінде өтініш).

120. Торғай облысының соғыс губернаторының қызметін атқарушы Ильинге баяндама хат. (Қырдағы уездерде болыстық мектептерді ашу жөнінде).

121. Торғай облысындағы халық мектептерінің 1883 жылғы жайы туралы есеп. (Облыстағы оқу жұмысының жалпы жайы, мектептегі оқудың, оқу құралдарының жайы, оқу орындарына жұмсалатын қаржының шығатын жері және мектептердің шаруашылық жағынан мәліметтер беріледі).

122. С ы н: Абдрахманов Т. – Социалистік Қазақстан, 1956, 18 март.

123. Дүйсенбаев Ы. – Қазақстан коммунисті, 1956, № 5, 60–64 б.б.

124. Жармұхамбетов М., Сатаев А. – Советтік Қарағанды, 1956, 6 март.

125. Жұмағұлов Қ. – Советтік Қарағанды, 1956, 14 июль.

126. Киікбаев М. – Ленин жолы, 1956, 4 май.

127. Қыдыров Х. – Екпінді құрылыс, 1956, 29 сентябрь.

128. Қысмұратов Т. – Көкшетау правдасы, 1956, 10 июнь.

- 129. Нұрқатов А.** – Қазақ әдебиеті, 1956, 1 июнь.
- 130. Нұрмағамбетов Ә.** – Коммунизм жолы, 1956, 14 март.
- 131. Сахариев Б.** – Коммунизм туы, 1956, 3 июнь.
- 132. Бай мен жарлы баласы.** (Әңгіме).
Кітапта: Әдебиеттік оқу кітабы. Жеті жылдық және орта мектептің 5 класына арналған. Алматы, 1955, 1957, 25–27, 27–31 б.б.
